

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.2, Ч.1 - С. 278-280

ХАСЕН ҚОЖА-АХМЕТТІҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

Сүндет А.
Нұрбай Қ.Ж.

Менің бұл баяндаманы жазып отырған түпкі мақсатым қазіргі таңда халыққа көп пайдасы тиген, елім, жерім дейтін тұлғалардың зерттелмей архивтарда шаң басылып қалып қоюы. Міне, осы себептен де осы тақырып аясында жұмыс істеуді қолға алдым. Қазір елімізде тұлғатану жұмысы қарқынды дамып қолға алынып жатыр, бірақ біздің кейбір тұлғаларымыздың өмірбаяндары, саяси қызметтері әлі де зерттелмеген. Менің пікірімше, біз, яғни жастар сол кісілердің есімдерінің тарихта ұмыт болмай, керісінше олардың өмірін, қызметін толықтай зерттеп, ашылмай кеткен маңызды дүниелерін ашып көрсетуіміз қажет деп санаймын. Атап айтқанда мен солардың бірі әрі бірегейі Хасен Қожа-Ахметті өз еншіме алып отырмын, оны халықтың ұлт-жанашыры ретінде, халықтың сөзін сөйлейтін патриот тұлға екендігін көрсету, қызметін елге кеңінен таныту мақсатында тұлғаның ашылмаған мәселелерін осы баяндамада көрсететін боламын. Хасен Қожа-Ахметов сияқты мемлекет және қоғам қайраткерлері XVIII – IX ғасырларда да болған [1].

Хасен Қожа-Ахметов-қазақтың азаттығы жолында кеңестік жүйе озбырлығына қарсы атқа қонып, атойлатқан азамат. Ол қазақ диссиденттерінің көшбасшысы. Бүкіл Орта Азия елдері ішінде ұлт-азаттығына шақырғаны үшін сотты болған қазақ. Қазақ тәуелсіздігі жолындағы қажырлы күресін бір сәтке де тоқтатпай келе жатқан, әрі қазақтан шыққан санаулы саяси диссиденттердің бірі [2]. Негізінде тақырып өте өзекті. Себебі, президентіміздің жақында жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласына сүйене отырып, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы енді тарих қойнауына еніп, оған қатысқандар тәуелсіз Қазақстанның шежіресіне алғашқы болып қолтаңбаларын қалдырып жатыр.

Тарихты жасайтын тұлға демекші Хасен Қожа-Ахметтің әріптестерінен айырмашылығы оның тайсалмағандығында, жүрекжүтқандығында және ашық күресті таңдағанында болды. Оның бар кінәсі елінің тәуелсіздігі, халқының, жастарының көздері ашық болсын, шындықты білсін, оларды қайтадан өздерінің отары қылып алмасын деген көзқараста болды деп ойлаймын. Байқасақ ол көбінесе жастарға үндеу айтқысы келген. Тәуелсіздік

үшін алғаш ту көтерген Хасен Қожа-Ахмет 1970-1990 жылдар аралығында үш мәрте сотталған. Ол 1970-жылдары Совет әскеріндегі ұлттық, нәсілдік кемсітушілікке қарсы шығып, бұл туралы жоғарғы басшылыққа баяндамақ болғаны үшін қамауға алынған. Ол кезде Хасен Қожа Ахметтің жасы небәрі 23-те болған еді. 1975 жылдың күзі мен 1977 жылдың сәуір айында жеке өзі өкіметке қарсы ұнпарақтар шығарумен айналысқан. Кеңес Одағы мен КОКП-да орыналған ұлттарды кемсітушілік саясатын әшкерелейтін 670 дана мақала мен ұнпарақтарды тарату үшін Алматыға келген болатын. Ол мал дәрігерлік институтының студенттеріне ұнпарақтар таратып жатқан кезінде тұтқынға алынған. Ол сол жылы 1977 жылы кеңес өкіметінің отарлық саясатына қарсы шыққаны үшін саяси диссидент ретінде 2 жылға сотталады. 1977 жылы Хасен Қожа Ахметтің есімі Хелсинскідегі саяси тұтқындар тізіміне енген.

1975-1977 жылдары Хасен Қожа Ахмет өзінің «Одақ па, әлде отар ма?», «Халықтардың ассимиляциялануы жайында», «Ұлттардың ассимиляциялануы кімдерге қажет?» және «Ұлт мәселесінің тарихи шешімі» секілді мақалаларын жариялайды. Ол жерде Кеңес одағының отаршылдық саясатын, одақтағы республикалардың ұлттық байлығына әпербақандық жасап жатқанын, интернационализм деген желеумен ұлттарды және ұлттық шекараларды атымен жоюды мақсат етіп отырғанын, орыстан басқа ұлттарды, оның ішінде қазақтарды да ассимиляциялау, орыстандыру саясаты жүргізіп жатқанын әшкерелеп жазады [3].

Хасен ағамыз 1970-жылдардағы ең жас саясаткер, ең жас диссидент болды. Ол қазақ тілінің артта қалып бара жатқанына, қазақ ұлтының өз жерінде кемсітушілік көріп отырғанына қарсы сол кезде-ақ ашық күреске барды. 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі кезінде де атойлап алаңға шыққан. Ол өзінің желтоқсан оқиғасы жайында былай деп келтіреді: «– 1986 жылы халық болып шықтық алаңға. Кремльдің саясатына наразылық білдірдік. Сотталып кеттік. Екі жылдан кейін мерзімімізді қысқартып, бостандыққа шығара бастады. Маған төрт жыл берілген. Мерзімім қысқарып, 2 жыл 2 ай отырып шықтым,-дейді. Ол 1989 жылы түрмеден оралып, бір топ адам Желтоқсаншылар ұйымын құрған кезде, сол ақталу, түрмедегілерді босату деген екі шарт қойған. Хасен Қожа-Ахмет сонда оған саяси баға беру керек деген. Сол кезде «саясатта нең бар» деп, Шаханов ағамыз кішкене қарсы болғанды. Өйткені, сол кезеңде қазақ халқы отаршылыққа қарсы шықты деген сөздер айтылмаған болатын. Сондықтан, оны бәрібір жарлыққа қосамын, деп айтқанды. Хасен ағамыздың бір өкінетіні отаршылдану мәселесі, өкінішке қарай міне сол мәселе әлі мойындалған жоқ,-деген. Шала-шарпы ғана айтамыз, бірақ әлі ресми мойындалмады,- дейді. Оның мақсаты да сол еді, жарлыққа кіргізгенде көп нәрсе айтылатынды, енді білмеймін, тыңдайтын құлақ болса, түсінетін адам болса бәрі айтылды».-деп өзінің сөзін аяқтайды [4].

Хасен Қожа-Ахметтің бұрынғы елбасымыз Н.Ә.Назарбаевпен 1991 жылы президенттік сайлауға түскендігі жайында бірі білсе бірі білмес. Бірақ ол сайлауға қатысып өзінің бағын сынап көрген болатын. Алғашқы сайлауға негізінен кандидат ретінде Олжас Сүлейменов, Хасен Қожа-Ахметов,

Н.Ә.Назарбаев түскен болатын. Бірақ О.Сүлейменов өз-еркімен сайлаудан бас тартып шығып кетеді. Хасен Қожа-Ахметов 1 кезеңнен өтіп, өкінішке орай 2 кезеңнен өте алмай қалады. Ол сайлау жайлы өзінің 2 кезеңнен өте алмай қалғандығы жайында Азаттық радиосына берген сұхбатында былай деген: Ол 1991 жылы күзде президент сайлауы болады деген кезде Желтоқсан ұлттық-демократиялық партиясы атынан үміткер ретінде ұсынылған. Сөйтіп, ол сайлауалды бағдарламасын түнімен жасап шығады. Оның айтуынша, олар керекті қол жинап болғаннан соң, орталық сайлау комиссиясына барғанда сайлау комиссиясы басқа жаққа көшіп кетіпті. Сөйтсе, оларға қол жинаушылар кандидаттының сенімді өкілі деген куәлік алуы керек екен. Орталық сайлау комиссиясындағылар оны оларға айтпаған.

Хасен Қожа-Ахметтің сайлауалды бағдарламасы он үш баптан тұрды. Бірінші бапта «Қазақстан ССРО-дан бөлек тәуелсіз мемлекет болып жарияланады». Екінші бапта «Қазақстанда қазақ тілінің іс жүзінде мемлекеттік және ұлтаралық тіл болуы қамтамасыз етіледі» делінген.

Сонымен бірге, бағдарламасының оныншы бабында «Бауырлас түркі тектес халықтармен мәдени, экономикалық ынтымақтастық орнатылады» делінгенді. Оның пікірінше 18 жылдан кейін оның бағдарламасы қайтып келген [5].

Хасен Қожа-Ахмет халықты кез-келген адам ол сияқты, заң құқық беріп отырған жағдайда, президенттік сайлауға түсе алатындығын, басшыға қарсы шығуға болмайды деген тоталитарлық үрейден арылтқысы келген. Оның сайлауға түскен негізгі себебі де осы болғанды. Және тәуелсіздік керек екенін, қазақтың мәселесі қалай шешілу керек екенін бағдарламасы арқылы насихаттап, халыққа жеткізгісі келген.

Хасен Қожа-Ахметтің айтуынша, оны 1993 жылғы орыс тіліндегі тарих оқулығына жазған. Онда Хасенді «1991 жылы президенттік сайлауға түскені жайлы бірақ, дауыс жинай алмауына байланысты өте алмай қалғандығы» жайында жазылған. Шын мәнінде олай болмаған. Ол кезде заң бұзылған. Қазанның 16-сы күні бір айдың ішінде жүз мың қол жинап, тіркелуге болады деген президенттік сайлау туралы заң шыққан. Одан кейін іле-шала қазан айының 31-іне дейін қол жинау аяқталсын деген қаулы тағы шыққан.

Ал, жаңағы сайлау туралы заң газетке тек 21-қазан күні шыққан. Яғни, қол жинау ар жағында қалған он күннің ішінде ғана жүргізілген. Сондықтан да, олар жүз мың қол жинап үлгере алмай қалған. Заң бұзылғандығына байланысты Хасен Қожа-Ахмет тіркеле алмай қалған.

Менің ойымша, КСРО-ның құрамында болған Орта Азиядағы елдердің бәрінің басшылары баяғы әміршіл-әкімшілік жүйенің адамдары. Олар басқа азаматтарға жол бермей, өлмей, тақтан кетпейді. 1991 жылғы сайлау кезінде орталық сайлау комиссияның тәжірибесіздігі көрініп қалды. Ал, отырған президентке облыстағы басшылары-ақ қол жинап берді. Осындай түрлі айла шаралар мен себептер, маған сылтау ретінде көрінеді, әдейі қасақана қолдан жасалынып отырған, аяқтан шалу деп ойлаймын. Соның салдарынан Хасен ағамыз 2 кезеңнен өте алмай қалған. Егер де ол жинаған дауыс көп болып Президент болып кетсе ел жағдайының ахуалы жақсарар ма еді кім білсін. Не

дегенімен халқым, елім, жерім деп күресіп жүрген тұлға ешқашан өз ұлтына жамандық, сатқындық жасамайды деген ойдамын.

Қазіргі таңда да Хасен ағамыз мемлекетіміздің болашағы үшін жаңа Конституция қабылдап, «Халық парламентін құру қажет!» деген жиын өткізіп өз ойын айта кетті.

2020 ж. 8-қыркүйекте Алматыда (Покровка аулы) бірнеше қоғамдық ұйымдар басшылары жиын өткізді. Алматы, Талдықорған, Астана, Шымкент, Семей, Өскемен, Атырау, Ақтау, т.б. қалалар мен облыстардың өкілдері бұл жиында «Жүгенсіз кеткен Қазақстан билігін ауыздықтау үшін Қоғамдық ұйымдар қалай бірлесе алады?», «Мақсатқа жету үшін қандый іс-әрекеттер жасау керек?» деген мәселелерді талқылады. Жиынға шақырылған 1970-1980 жж. саяси тұтқыны, «Азат» қозғалысы төрағасы Хасен Қожа-Ахмет осы мәселелерге өз пікірін айтып «ҚАЗАҚ ЕЛІ» атты қоғамдық ұйымдар бірлестігін құруды ұсынды. Осы жиында «ҚАЗАҚ ЕЛІ» бірлестігіне бас қосқан қоғамдық ұйымдардың 2021 жылдың наурыз айына дейін атқаратын іс-шаралары белгіленді [6].

Қорытындылай келе, Хасен ағамыздың азамат ретіндегі тұлғасы – әрбір қазақ үлгі алғандай деп айтар едім. Ең бастысы - ол өзінің азаматтық көзқарасын тұмшаланып, дірілдеп, артық сөз айтуға, жеке пікірін жеткізуге болмайтын заманда айта білді. Хасен Қожа-Ахметтің ұран салып шыққан кезеңі 70-жылдардың ортасы, коммунистік идеологияға қарсы бір сөз айтылмақ түгіл, ымдауға да болмайтын қапас заман болатын және ол – жалғыз өзі болды... Азаматтыққа баға бергенде, сол кезеңнің сипатын, жағдайын ескере білу керек. Мен сөзімді Жұмаш Кенебай ағамыздың Хасен Қожа-Ахмет жайлы пікірімен аяқтағым келіп отыр: - «Хасеннің бір ерекшелігі – қандай жағдайда да шырылдаған шындықты айтатыны, қысымның қандайынан да қорықпайтыны дер едім. Ең алдымен Хасен туған ұлты, қазағын жанындай сүйді және бүкіл ғұмырын ұлт азаттық күресіне арнаған азамат екенін ашып айтуым керек. Хасен Қожа-Ахмет тек қана саяси күрескер емес, журналист, жазушы әрі сазгер екендігін де ұмытпағанымыз жөн. Хасеннің бүгінде тарихи ғылыми, публицистикалық еңбектері жеке кітаптар болып жарық көріп жатса, ол шығарған көптеген әндері, басқа да музыкалық шығармалары қалың жұртшылыққа жақсы таныс екендігі де ақиқат», - деген ой салады [6].

Әдебиеттер тізімі

1. Қайырболат Ж.Нұрбай, Гульмира Ж.Жуман, Средний Жуз в период XVIII- начала XIX веков: политический аспект проблемы // Былые годы, 2019. №4. С.1479-1489.
2. Тәуелсіздік үшін алғаш ту көтерген азаматтың мемлекет тарапынан еленбеуі – қоғам үшін ащы сабақ // <https://abai.kz/post/95516>.
3. Хасен Қожа-Ахмет // <https://kk.wikipedia.org>.
4. Желтоқсанның үміті ақталған жоқ // https://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_hasen_kozhakhmet.

5. Бірінші президенттік сайлауға қатыспақшы болған Хасен Қожахмет // https://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_khasen_kozhakhmet_nursultan_nazarbaev.
6. Халық парламенті // <https://www.youtube.com/watch>.